Қарастырып отырған мәселеде Google Maps құралын қолдану үшін RAD Studio XE ортасында TWebBrowser компоненті арқылы жүзеге асырылады. Бұл компоненттің көптеген мүмкіндіктері бар. Біріншіден, көптеген қазіргі заманғы бағдарламаларда HTML деректермен жұмыс істеу керек. RAD Studio XE осы деректерді көру үшін құралы ActiveX компоненті TWebBrowser қолданылады, бұл Microsoft Internet Explorer-ң құрамдас бөлігі болып табылатын WebBrowser компонентін пайдаланады. Осылайша, Internet Explorer орнатылған кез келген компьютерде оған қол жетімді. Windows операциялық жүйесінің барлық соңғы нұсқаларының стандартты пакеті осы компонентті қамтиды. Екіншіден, TWebBrowser компоненті желіде және локальді дискіде орналасқан веб-беттердің мазмұнын немесе HTML кодын көруге мүмкіндік береді. RAD Studio XE 10 бұл компонент Internet қойындысынан табуға болады. Сонымен қатар, мұндай қосымшаларды құру – JavaScript сценарийлік программалау тілін білуді талап етеді. Осы Google картасын қазіргі уақытта көптеген сайттарда және басқада веб-қосымшаларда кеңінен қолданады [2].

Google-дан картографиялық мәліметтер алуды жүзеге асырудың тағы бір жолы ол – статикалық карта. Google Maps-тың статикалық картасы кәдімгі bitmap болып табылады. Бұл карта пайдаланушымен өзара қатынас үшін ешқандай интерактивті мүмкіндіктері жоқ. Оның артықшылығы жедел жадыны көп мөлшерде қолданатын TWebBrowser-ді қолдану қажет емес [1].

Google Maps API-ң статикалық жағдайына қойылатын шарттар:

Статикалық карталар тек браузерде көрсетілуі мүмкін екенін ескеріңіз, браузерден тыс статикалық карталарды пайдалану шектелген. Сонымен қатар, әрбір қосымша үшін бір тәулікте 25000 сұранысқа дейін қолдану шектеуі бар.

URL арқылы жіберілген HTTP-сұраныс кезінде, Google картасының API-і осы сұранысқа жауап ретінде GIF, PNG немесе JPEG кескін пішімін қайтарады. Әрбір сұраныс кезінде карта орналасқан орынды, сурет өлшемін масштабтау деңгейін, карта түрі және қосымша маркерлерді көрсетуге болады. Сондай-ақ әріптік-цифрлық символдарды қамтитын маркерлер таңбашаларын тағайындауға болады.



Google статикалық картасының API интерфейсімен қайтарылған кескін <IMG> тегінің SRC атрибутына немесе оның баламасы басқа бағдарламалау тіліне енгізіледі. Егер бұл кескін браузерден тыс пайдаланылатын болса, онда браузерде көруге мүмкіндік беретін сілтеме қоса берілуі тиіс. Бұл талаптың Google Maps API-ді қолданатын компаниялардың пайдаланушыларына қатысы жоқ [3].


Google Maps қызметін қолдану мысалында Түркістан қаласының картасы қарастырылады. Картаны жасау үшін, алдымен html құжат дайындалып ол құжатты ашу TWebBrowser компоненті арқылы жүзеге асырылады. Негізгі жұмысты html құжаттағы Javascript орындайды. Google Maps қызметін қолдану үшін келесі Javascript-ні қосамыз:

```
<script type=»text/javascript» src=»http://maps.google.com/maps/api/js?sensor=false»> </script>
```

```
<script type =»text/javascript» src=»v3_epoly.js»></script>
```

Картаны инициализациялау (1-сурет) үшін төмендегі функцияны орындаймыз:

```
function initialize() {
    infowindow = new google.maps.InfoWindow( {
        size: new google.maps.Size(150,50) });
    directionsService = new google.maps.DirectionsService();
    var myOptions = { zoom: 13, mapTypeId: google.maps.MapTypeId.ROADMAP }
    map=new google.maps.Map(document.getElementById(«map_canvas»),
    myOptions);
    address = 'Түркістан'
    geocoder = new google.maps.Geocoder();
    geocoder.geocode( { 'address': address}, function(results, status) {
        map.setCenter(results[0].geometry.location);
    });
}
```




Сурет 1 – Түркістан картасы

RAD Studio XE ортасында форманың құрылу оқиғасына мына процедураны жазамыз:

```
procedure TForm1.FormCreate(Sender: TObject);
begin
    WebBrowser1.Silent:=true;
    form1.WebBrowser1.Navigate(webbrowser1.Path+ 'v3_animate.html');
end;
```

Сонымен қатар, А пунктінен В пунктіне жүретін бағытты анимациялау (2-сурет) үшін төмендегі Javascript функциясы орындалады.

```
function calcRoute(){ if (timerHandle) { clearTimeout(timerHandle); }
if (marker) { marker.setMap(null);}
polyline.setMap(null); poly2.setMap(null);
directionsDisplay.setMap(null); polyline = new google.maps.Polyline({
    path: [], strokeColor: '#FF0000',
    strokeWeight: 3 });
poly2 = new google.maps.Polyline({
    path: [],
    strokeColor: '#FF0000',
    strokeWeight: 3
});
```



Сурет 2 – Бағытты анимациялау

### ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жасалған қосымшада бастапқы және соңғы бағытты көрсету арқылы жүретін жолды көруге болады. Google Maps ұсынатын қызметтің негізінде қаланың бағыттық көліктердің анықтамалық бағдарламасын және басқада веб қосымшаларды құру мүмкіндіктері бар [4].

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Виртуальный клуб программистов [Электронный ресурс]: API статических карт Google. – режим доступа: <http://www.delphikingdom.com/asp/viewitem.asp?catalogid=1396>.

2 Занимательная web-картография [Электронный ресурс]: API статических карт Google. – режим доступа: <http://webmap-blog.ru/google-maps/static-maps-api-google>.

3 Google Developers [Электронный ресурс]: Руководство по API статических карт Google для разработчиков. – режим доступа: [https://developers.google.com/maps/documentation/staticmaps/?hl=ru#quick\\_example](https://developers.google.com/maps/documentation/staticmaps/?hl=ru#quick_example).

4 [http://www.geocodezip.com/v3\\_animate\\_marker\\_directions.html](http://www.geocodezip.com/v3_animate_marker_directions.html)

Матриал 06.01.16 баспаға түсті.

С. С. Мауленов, Ж. А. Аймешов

### Основные проблемы использования карты Google Maps в приложениях RAD studio XE

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, г. Туркестан.  
Матриал поступил в редакцию 06.01.16.

S. S. Maulenov, Zh. A. Aimeshov

### The main problems of using Google Maps in RAD studio XE applications

A. Yesvi International  
Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Material received on 06.01.16.

*Цифровые карты являются одной из основных форм представления результатов сегодняшних исследований. Традиционные карты строятся вручную, их построение представляет собой весьма трудоемкий процесс. Автоматизировать рутинные процедуры при построении цифровых карт возможно на основе применения новейших информационных технологий – геоинформационных систем и систем управления базами данных, которые позволяют значительно ускорить и повысить эффективность исследований, процесс построения цифровых карт. В этой статье рассматривается один из способов построения цифровой карты с использованием Google Maps.*

*Digital maps are one of the main forms of today's researches results representation. Traditional maps are built manually, their creation is a very labor-intensive process. Using the new information technologies in routine procedures of digital maps creation can help to automate the process. These technologies are geographic information systems and database management systems, which allow to considerably to accelerate and increase the efficiency of researches, the process of digital maps creation. This article deals with one of the methods of digital maps creation using GoogleMaps.*

УДК 338

**С. К. Бурзумбаева**

PhD в области математики

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

e-mail: saulenai@yandex.ru

**РАЗРАБОТКА В СРЕДЕ GRETЛ РЕГРЕССИОННОЙ  
МОДЕЛИ РЫНКА ВТОРИЧНОГО ЖИЛЬЯ Г. АСТАНА  
НА ПРИМЕРЕ ДВУХКОМНАТНЫХ КВАРТИР**

*В данной статье исследуются методы регрессионного анализа среды Gretl на примере данных рынка вторичного жилья г. Астана. Полученная модель позволяет провести прогноз стоимости квартиры в зависимости от нескольких параметров.*

*Ключевые слова: регрессионный анализ, множественная регрессия, метод наименьших квадратов, вариация, факторы, гипотеза, эконометрика.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Построение прогностических моделей является достаточно актуальной задачей в современной экономике. Такая модель позволяет рассчитать различные требуемые параметры и минимизировать риски. Часто на практике применяются методы регрессионного анализа.

Регрессионный анализ – раздел математической статистики, объединяющий практические методы исследования регрессионной зависимости между величинами по статистическим данным.

Основная цель регрессионного анализа состоит в определении связи между некоторой характеристикой  $Y$  наблюдаемого явления или объекта и величинами  $x_1, x_2, \dots, x_n$ , которые обуславливают, объясняют изменения  $Y$ . Переменная  $Y$  называется зависимой переменной (откликом), влияющие переменные  $x_1, x_2, \dots, x_n$  называются факторами (регрессорами). Установление формы зависимости, подбор модели (уравнения) регрессии и оценка ее параметров являются задачами регрессионного анализа.

Проблемы построения регрессионных моделей изучают многие ученые. Поэтому необходимо иметь доступный компьютерный инструмент, позволяющий в короткие сроки решить описываемую проблему.

Рассматривает в своих работах особенности использования программного продукта Gretl для построения экономических моделей А. А. Тусков [1]. О. В. Гусевым и А. В. Жуковым [2] рассматривается методика расчета рыночной стоимости квартиры, позволяющая учесть сроки и условия реализации жилья с помощью уравнения множественной регрессии. М. П. Базилевский и С. И. Носков [3] разработали и привели базовые принципы использования регрессионного анализа и планирование эксперимента, позволяющие решить описанные проблемы. Проблемы применения регрессионных моделей в различных видах анализа изучали Р. И. Баженов, А. А. Наумова [4].

Пакет программ GRETЛ (GNU Regression Econometrics and Time Series Library) представляет собой инструментарий для практической реализации сложных вычислительных процедур эконометрического моделирования. В 2002 году его автор проф. Аллен Коттрелл (США) включил GRETЛ в проект [www.sourceforge.net](http://www.sourceforge.net), делая его общедоступным, бесплатным продуктом с возможностью дальнейшей доработки открытых кодов (Open Source – свободным программным обеспечением).

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

В данной статье рассмотрим методы регрессионного анализа среды Gretl на примере данных рынка вторичного жилья г. Астана. При покупке квартиры возникает вопрос, какую сумму правильно потратить, чтобы не оказаться в минусе. Для этого необходимо сравнение таких условий как: площадь, этаж, район, близости и отдаленность от остановок, магазинов и т.д. Попробуем составить обзор необходимых условий для продажи и покупки квартиры с помощью регрессионной модели в среде Gretl. Полученная модель позволяет провести прогноз стоимости квартиры в зависимости от нескольких параметров.

Сбор экспериментальных наблюдений осуществлялся по данным Интернет-сайта [www.krisha.kz](http://www.krisha.kz). При изучении объявлений по продажам были выбраны следующие критерии: адрес, кол-во комнат, этаж, площадь, стоимость. Район – номером сами относительно улиц города (рис.1).

	A	B	C	D	E	F
1	Address	Район	Кол-во комнат	Этаж	Площадь	Стоимость
2	Кудайбердылы 31	4	2,00	20,00	79,00	\$71 000,00
3	Иманова	2	2,00	3,00	60,50	\$82 000,00
4	Манаса 6	3	2,00	5,00	51,20	\$42 000,00
5	Сыганак	3	2,00	2,00	74,00	\$81 000,00
6	Мурсупова	7	2,00	9,00	52,00	\$52 000,00
7	Рыскулбекова 16/1	4	2,00	4,00	55,00	\$72 000,00
8	Астана	1	2,00	4,00	63,00	\$50 000,00
9	Кошкарбаева	1	2,00	3,00	54,00	\$17 000,00
10	Республика 76/1	2	2,00	5,00	54,00	\$60 000,00
11	Женис 77	2	2,00	1,00	40,00	\$35 000,00
12	Туран 14	3	2,00	5,00	76,00	\$143 000,00
13	Бейбитшилин 42	2	2,00	5,00	46,00	\$44 000,00
14	Косшигуллы 25	5	2,00	1,00	53,00	\$61 000,00
15	Оршбор	6	2,00	11,00	70,00	\$99 000,00
16	Сейфуллина 8	2	2,00	7,00	74,00	\$204 000,00
17	абдуллина 12/2	7	2,00	8,00	67,00	\$75 000,00
18	Тлендиева 1/2	7	2,00	4,00	57,00	\$69 000,00
19	Петрова 19/1	5	2,00	4,00	48,00	\$42 000,00
20	Кордай 75	3	2,00	14,00	52,00	\$51 000,00
21	Сатпаева 5/1	4	2,00	5,00	55,00	\$55 000,00
22	Абыйлай хана 5/3	4	2,00	8,00	65,00	\$89 000,00
23	Сарайшы 76	1	2,00	22,00	58,00	\$77 000,00
24	Богенбай Батыра 23/1	2	2,00	4,00	51,00	\$52 000,00
25	Рыскулбекова 16/3	4	2,00	10,00	30,00	\$60 000,00
26	Жумабаева 18/1	3	2,00	1,00	51,00	\$46 000,00
27	Сарыарна	1	2,00	7,00	67,00	\$107 000,00
28	Алувава 36	5	2,00	4,00	46,00	\$43 000,00

Рисунок 1 – Таблица данных

Для построения множественной регрессии, введем обозначения переменных: район –  $x_1$ , кол-во комнат –  $x_2$ , этаж –  $x_3$ , площадь –  $x_4$ , стоимость –  $y$  (рис. 2).

	A	B	C	D	E	F
1	address	x1	x2	x3	x4	y
2	Кудайбердылы 31	4	2,00	20,00	79,00	\$71 000,00
3	Иманова	2	2,00	3,00	60,50	\$82 000,00
4	Манаса 6	3	2,00	5,00	51,20	\$42 000,00
5	Сыганак	3	2,00	2,00	74,00	\$81 000,00
6	Мурсупова	7	2,00	9,00	52,00	\$52 000,00
7	Рыскулбекова 16/1	4	2,00	4,00	55,00	\$72 000,00
8	Астана	1	2,00	4,00	63,00	\$50 000,00
9	Кошкарбаева	1	2,00	3,00	54,00	\$17 000,00
10	Республика 76/1	2	2,00	5,00	54,00	\$60 000,00
11	Женис 77	2	2,00	1,00	40,00	\$35 000,00
12	Туран 14	3	2,00	5,00	76,00	\$143 000,00
13	Бейбитшилин 42	2	2,00	5,00	46,00	\$44 000,00
14	Косшигуллы 25	5	2,00	1,00	53,00	\$61 000,00
15	Оршбор	6	2,00	11,00	70,00	\$99 000,00
16	Сейфуллина 8	2	2,00	7,00	74,00	\$204 000,00
17	абдуллина 12/2	7	2,00	8,00	67,00	\$75 000,00
18	Тлендиева 1/2	7	2,00	4,00	57,00	\$69 000,00
19	Петрова 19/1	5	2,00	4,00	48,00	\$42 000,00
20	Кордай 75	3	2,00	14,00	52,00	\$51 000,00
21	Сатпаева 5/1	4	2,00	5,00	55,00	\$55 000,00
22	Абыйлай хана 5/3	4	2,00	8,00	65,00	\$89 000,00
23	Сарайшы 76	1	2,00	22,00	58,00	\$77 000,00
24	Богенбай Батыра 23/1	2	2,00	4,00	51,00	\$52 000,00
25	Рыскулбекова 16/3	4	2,00	10,00	30,00	\$60 000,00
26	Жумабаева 18/1	3	2,00	1,00	51,00	\$46 000,00
27	Сарыарна	1	2,00	7,00	67,00	\$107 000,00
28	Алувава 36	5	2,00	4,00	46,00	\$43 000,00

Рисунок 2 – Переименование переменных

Далее необходимо данные таблицы Excel открыть в среде Gretl (рис. 3).




Рисунок 3 – Программа Gretl

В окне появляются переменные, необходимые для построения регрессионной модели (рис. 4).




Рисунок 4 – Рабочие окно среды

Просматриваем получившуюся таблицу (рис. 5-6).




Рисунок 5 – Просмотр значений

	x1	x2	x3	x4	y
Кудайбе	4	2	20	79,0	71000
Иманова	2	2	3	60,5	82000
Манаса 6	3	2	5	51,2	42000
Сыганак	3	2	2	74,0	81000
Мурсупо	7	2	9	52,0	52000
Рыскулбе	4	2	4	55,0	72000
Астана	1	2	4	63,0	50000
Кошкарб	1	2	3	54,0	17000
Республи	2	2	5	54,0	60000
Женис 77	2	2	1	40,0	35000
Туран 14	3	2	5	76,0	143000
Бейбитш	2	2	5	46,0	44000
Кошму	5	2	1	53,0	61000
Оршбор	6	2	11	70,0	99000
Сейфулл	2	2	7	74,0	204000
абдулли	7	2	8	67,0	75000
Тлендие	7	2	4	57,0	69000
Петрова	5	2	4	48,0	42000
Кордай 75	3	2	14	52,0	51000
Сатпаев	4	2	5	55,0	55000
Абыйлай х	4	2	8	65,0	89000
Сарайшы	1	2	22	58,0	77000
Богенба	2	2	4	51,0	52000

Рисунок 6 – Полученная таблица данных

Для решения поставленной задачи переходим к нахождению регрессионной модели методом наименьших квадратов (рис. 7).




Рисунок 7 – Выбор метода наименьших квадратов

Переходим к построению уравнения (рис. 8)

$$y = a \cdot x_1 + b \cdot x_2 + c \cdot x_3 + d \cdot x_4 + s.$$




Рисунок 8

Полученная модель и описательные статистики представлены на рисунке (рис. 9).




Рисунок 9 – Регрессионная модель

Переходим к решению линейного уравнения

$$y = a \cdot x_1 + b \cdot x_2 + c \cdot x_3 + d \cdot x_4 + s$$

Для удобства вводим в Excel данные const, x1, x2, x3, x4 (рис.10). Коэффициенты: a – район, b – кол-во комнат, c – этаж, d – площадь.




Рисунок 10 – Данные в Excel

По используемой формуле высчитываем стоимость квартир (рис. 9-11).




Рисунок 11 – Прогнозируемая стоимость двухкомнатной квартиры

### ВЫВОДЫ

R<sup>2</sup> показывает долю вариации результативного признака под воздействием изучаемых факторов. Следовательно, 33 % вариации зависимой переменной учтено в модели и обусловлено влиянием включенных факторов, 67 % приходится на другие факторы. Однако, чтобы модель считалась достаточно хорошей, коэффициент должен быть выше 80 %. Р-значение – это вероятность ошибки при отклонении нулевой гипотезы, в данном варианте ошибка отклонения 0.004222, по данному критерию модель является значимой.

Результаты проведенного исследования можно использовать в работе риэлтерского агентства, в преподавании студентам дисциплины «Эконометрика».

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Тусков, А. А.** Применение Gretl для построения многофакторной модели // Модели, системы, сети в экономике, технике, природе и обществе. – 2011. – № 1. – С. 154-159

2 **Гусев, О. В.** Способ идентификации перегрузки с использованием множественной регрессии / О. В. Гусев, А. В. Жуков // Информационная среда вуза XXI века. Материалы VII Международной научно-практической конференции. – Петрозаводск, 2013. – С. 57-61.

3 **Жарков, А. А.** Механизм формирования стоимости квартир на региональном рынке жилья / А. А. Жарков, Н. А. Анисимова // Регион: системы, экономика, управление. – 2009. – № 4. – С. 47-53.

4 **Баженов, Р. И.** Об организации научно-исследовательской практики магистрантов направления «Информационные системы и технологии» // Современные научные исследования и инновации. – 2014. – № 9-2 (41). – С. 62-69.

Материал поступил в редакцию 06.01.16.

*С. Қ. Бургумбаева*

**Екі бөлмелі пәтерлер мысалында Астана қаласында қайталама тұрғын үй нарығының регрессиялық модельді Gretl ортасында жобалау**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.  
Материал 06.01.16 баспаға түсті.

*S. Burgumbayeva*

**Development of the regression model of the secondary housing market in Astana in Gretl environment on an example of two-bedroom apartments**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.  
Material received on 06.01.16.

*Бұл мақалада Астана қаласының қайталама тұрғын үй нарығы мысалында Gretl ортасының регрессиялық талдаудың әдістері зерттелінді. Нәтижесінде алынған модель бірнеше параметрлерге байланысты пәтердің болжамды бағасын есептеуге мүмкіндік береді.*

*In this article the methods of regression analysis in Gretl environment by the example of the secondary housing market of Astana are studied. The resulting model allows to do the forecast of the apartment value depending on several parameters.*

ӨОЖ 512.54.05

**Г. С. Джарасова<sup>1</sup>, Б. Сырнай<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.к., <sup>2</sup>магистрант

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,  
Павлодар қ.

e-mail: <sup>1</sup>yulzhan@mail.ru, <sup>2</sup>bogi-elim\_kz@mail.ru

#### **АЛГОРИТМДЕР ТЕОРИЯСЫН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРГЕ ШОЛУ**

*Берілген мақалада студенттердің «Математика» пәні бойынша білім деңгейін, сонымен қоса әдістемелік жабдықтау мен зертханалық сабақтарды жақсартуда компьютерлік модельдеудің негізі, оның түрлері және компьютерлік модельдеуді алгоритмдерді құрудың негізгі кезеңдері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: алгоритм, асимптотикалық талдау, модель, компьютерлік модель, алгоритмдер классификациясы, адекваттылық, алгоритм*

#### КІРІСПЕ

Қазіргі кезде алгоритмдер теориясының негізінде алынған практикалық ұсыныстар программалық жүйелерді жасау мен жобалау саласында кеңінен қолданылуда. Алгоритмдер теориясы алгоритмдердің жалпы қасиеттері мен заңдылықтарын, оларды көрсетудің түрлі формальды модельдерін зерттейтін ғылым саласы. Алгоритм ұғымын формальдау арқылы алгоритмдерді тиімділігі бойынша салыстыруға, эквиваленттілігін тексеруге, қолдану салаларын анықтауға болады.

#### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алгоритмдер теориясының міндеттеріне есептің алгоритмдік шешімі болмауын формальды түрде дәлелдеу, алгоритм күрделілігін асимптотикалық талдау, күрделілік кластарына сәйкес алгоритмдерді

жіктеу, алгоритмдер сапасын салыстырмалы түрде бағалаудың өлшемдерін жасау және т.б. жатады. 1930-жылдары жасалған алгоритмдердің формальды модельдері (Пост, Тьюринг, Черч), 1950-жылдары жасалған Колмогоров пен Марковтың модельдері тең, өйткені олар бір біріне мына мағынада эквивалентті: бір модельде шешімі табылған проблемалардың кез келген класы, екінші модельде де шешімі болады.

Қазіргі кезде алгоритмдер теориясы негізі 3 бағытта дамып келеді: *Алгоритмнің классикалық теориясы* – есептерді формальды тілдер терминдерімен беру (формулировка задач) проблемасын зерттейді. Есептерді күрделілік кластары бойынша (P, NP, т.б) классификациясын жасайды, есептердің шешімін табу ұғымын енгізілді.

*Алгоритмдерді асимптотикалық талдау теориясы.* Алгоритмнің, соның ішінде рекурсивті алгоритмдердің, орындалу уақытының немесе ресурстарының асимптотикалық бағасын алудың тәсілін қарастырады. Асимптотикалық талдау енгізілетін деректер көлемінің өсуіне байланысты алгоритмдердің ресурстарға қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді. *Есептеу алгоритмдерін практикалық талдау теориясы* тиімді алгоритмдерді таңдау әдістемесін жасау, алгоритмдердің сапасын тексерудің практикалық өлшемдерін іздеу, функцияларды интервалдық талдау, күрделіліктің нақты функцияларын алу және т.б. сияқтарды есептерді шешумен шұғылданады.

Қазіргі заманғы алгоритмдер теориясының даму бағыттары мен шешетін негізгі міндеттері:

- «Алгоритм» ұғымын формальдау және формальды алгоритмдік жүйелерді (есептеулер модельдерін) зерттеу;
- Есептің алгоритмдік шешімі болмайтынын дәлелдеу;
- Алгоритмдердің дұрыстығы мен эквиваленттілігін формальды түрде дәлелдеу;
- Есептерді классификациялау, күрделілігі бар кластарды анықтау және зерттеу;
- Есептің күрделілігінің теориялық төменгі бағасын дәлелдеу;
- Тиімді алгоритмдерді құру әдістерін табу;
- Итерациялық алгоритмдердің күрделілігін асимптотикалық талдау;
- Рекурсивті алгоритмдерді зерттеу және талдау;
- Алгоритмдердің қиындығының нақты функцияларын табу;
- Алгоритмдердің классификациясын жасау;
- Есептер мен алгоритмдердің сыйымдылығы бойынша күрделілігін (жад ресурстары бойынша) зерттеу;

Алгоритмдердің ресурстық тиімділігін салыстырмалы түрде бағалаудың критерийлерін және оларды салыстырмалы талдаудың әдістерін жасау.

Алгоритмдер теориясында алынған нәтижелер екі аспектіде: теориялық және практикалық аспектілерде қолданылады.

*Теориялық аспект:* Есептің алгоритмдік шешімі болатындығын немесе оны шешудің нақты алгоритмі болмайтындығына есепті зерттеу нәтижесінде алгоритмдер теориясының жауап беру мүмкіндігі теориялық аспектіге жатады.

Алгоритмдік шешімі болмайтын есептер Тьюринг машинасын тоқтату есебіне келтіріледі. Ал алгоритмдік шешімі болатын есептер үшін олардың NP-толық есептер класына тиесілі ме екендігі анықталады. Егер тиесілі болса, онда бастапқы деректері үлкен болатын есептердің нақты шешімін алу үшін қанша уақыт кететінін анықтауға немесе оны шешудің жылдам нақты алгоритмі болмайтындығын айтуға мүмкіндік береді.

*Практикалық аспект:* алгоритмдер теориясының, әсіресе асимптотикалық және практикалық талдаудың әдістері мен әдістемелері келесі мүмкіндіктерді береді.

Берілген есепті шешуге арналған алгоритмдер жиынынан жасалатын программалық жүйедегі олардың ерекшелігін ескеретін тиімді алгоритмді таңдауға мүмкіндік береді.

Күрделілік функциясы арқылы күрделі есептерді шешудің уақыттық бағалауларын алады. Белгілі уақыт ішінде қандай да бір есептің шешуі болмайтындығына шынайы баға беріледі [1].

Ақпаратты өңдеу саласындағы маңызды деген есептерін шешудің тиімді алгоритмдерін құру мен жетілдіру. Мысалы: алгоритмді жүзеге асыратын программаның орындалу уақытына немесе пайдаланатын минималды жад көлеміне шектеулер қойылғанда түрлі алгоритмдерден таңдау жасалынады; қиындық функциясы арқылы күрделі есептерді шешу уақыты анықталады; берілген уақыт ішінде есепті шешу мүмкін болмайтындығы шынайы бағаланады. Бұл қазіргі кезде криптографиялық әдістер үшін, ақпаратты өңдеу саласында практикалық жағынан маңызды есептерді шешудің тиімді алгоритмдерін жасау мен жетілдіру үшін аса сұранысқа ие болып отыр.

*Алгоритм* – өндеудің қарапайым орындалатын тактілерін қолдануға негізделген қандай да бір әдістің нақты және шекті (ақырлы) сипаттамасы. Алгоритм – мүмкін болатын бастапқы деректер класына ортақ есептің шешімін табуға арналған нақты анықталған және орындалатын қарапайым операциялардың ақырлы тізбегінен тұратын, қандай да бір тілде жазылған ақырлы нұсқаулар.

«Алгоритм» ұғымының бірыңғай анықтамасы жоқ. Көптеген анықтамалардың ішінде неғұрлым сәтті берілгені орыс ғалымдары А. Н. Колмогоров пен А. А. Марковтың анықтамалары:

*Анықтама 1. (Колмогоров): «Алгоритм – нақты ережелермен қатаң түрде орындалатын, қандай да бір қадамдардан соң қойылған есептің шешіміне әкелетін есептеулердің кез келген жүйесі»*

*Анықтама 2. (Марков): Алгоритм – өзгертілетін бастапқы деректерден ізделінді нәтижеге әкелетін есептеу процесін анықтайтын нақты ереже.*

Бұл анықтамалардан алгоритмге қойылатын келесі ортақ талаптарды атап өтейік:

– алгоритм қарапайым орындалатын саны шектеулі ережелерден тұруы тиіс, яғни жазбалардың шектеулі болуы талабын қанағаттандыруы тиіс;

– алгоритм шектеулі қадамнан соң есепті шешуі тиіс, яғни әрекеттердің шектеулі болу талабын қанағаттандыруы тиіс;

– алгоритм барлық мүмкін болатын бастапқы деректер үшін біреу ғана болуы керек, яғни әмбебаптық талабын қанағаттандыруы тиіс;

– алгоритм қойылған есептің дұрыс шешімін табуы керек, яғни дұрыс болу талабын қанағаттандыруы тиіс.

Бұл анықтамаларда әрекетті орындаушы көрсетілуі тиіс және ол орындайтын «қарапайым» операцияларға не жататыны нақтылануы тиіс. Алгоритмді әртүрлі формада бейнелеуге, яғни беруге болады. Кейде әрекеттер ретін графикалық түрде көрсету түсінікті болады, ал оны сөзбен сипаттау қиынға түседі. Сондықтан алгоритмнің нақты формальды анықтамасы туралы ұғым арнайы математикалық конструкцияларды – формальды алгоритмдік жүйелер немесе Пост машинасы, Тьюринг машинасы, Черчтің рекурсивті-есептелінетін функциялары сияқты есептеулер модельдерін енгізумен, бұл формализмнің эквиваленттілігі туралы тезистің айтылуымен және «алгоритм» ұғымымен тікелей байланысты болды.

Z есебінің бастапқы деректерінің жиыны –  $DZ$ , ал  $R$  – мүмкін болатын нәтижелер жиыны болсын, онда алгоритм  $DZ \rightarrow R$  бейнелеуін іске асырады деп айтады. Егер алгоритм тек кейбір  $dDZ$  үшін ғана дұрыс нәтиже берсе, онда алгоритм *жеке жағдайдың алгоритмі* деп аталады. Егер алгоритм барлық  $dDZ$  үшін дұрыс нәтиже берсе, онда алгоритм *толық алгоритм* деп аталады.

Қойылған есептің шешімін арифметикалық амалдарды орындауға келтіретін алгоритмдер сандық алгоритмдер деп аталады. Д. Кнут «Искусство программирования. Основные алгоритмы» атты кітапта *алгоритмнің бес маңызды қасиетін* көрсеткен:

1) *Ақырлы болуы* – алгоритмнің ақырлы қадамынан соң аяқталуы тиіс;

2) *Анықтылығы* – алгоритмнің әр бір қадамы нақты анықталуы керек.

3) *Енгізілетін деректердің болуы* – алгоритм жұмысының басына дейін берілетін кірістік деректер болады немесе олар орындалу барысында динамикалық түрде анықталуы мүмкін

4) *Шығыстық деректердің болуы* – алгоритмде кірістік деректермен белгілі бір байланысы бар немесе бірнеше деректер болады.

5) *Тиімділік* [2].

*Алгоритмдер классификациясы.* Күрделілік тұрғысынан алгоритмдердің екі үлкен класы бар қайталауы бар алгоритмдер және рекурсивті алгоритмдер. Бір есепті көптеген алгоритммен шешуге болады. Олардың әрқайсысының жұмысының тиімділігі әртүрлі сипаттаулармен сипатталады. Алгоритмді талдамас бұрын ең алдымен берілген алгоритм есепті дұрыс шешетінін дәлелдеуіміз керек. Егер есепті дұрыс шешпесе, тиімділік мәселесінің мәні жоқ. Егер алгоритм қойылған есепті шешсе, оның қаншалықты тиімді екенін қарастыруымыз керек. Сондықтан оның тиімділігінің анықтау үшін алгоритмдерді талдауымыз қажет. Қайталау алгоритмінің негізінде шартты өрнектер мен цикл жатыр; мұндай алгоритмдерді талдауда циклдың ішінде қолданылатын операция саны мен цикл итерациясының санын бағалау керек.

Рекурсивтік алгоритмдер үлкен есепті фрагменттерге бөледі және әрбір фрагменттерді жеке қолдануға мүмкінлік береді. Осындай алгоритмдерді кейде «бөліп алда біле» алгоритмі деп айтады және оларды қолдану өте тиімді болуы мүмкін. Үлкен есептерді кішіге бөлу жолымен шешу үрдісінде үлкен емес, қарапайым және түсінікті алгоритм құрылады. Рекурсивті алгоритмді талдауда есепті бөлімге бөлуге қажетті операцияның санын санау, әрбір бөлімдегі алгоритмнің орындалуы және есепті толық шешудегі әрбір бөлімнің нәтижесін біріктіру керек. Осы ақпараттарды және неше бөлік екенінің саны, олардың өлшемінен алгоритмнің күрделілігінің рекурренттік қатынасын шығарамыз.

Алгоритмдерді әртүрлі белгілер бойынша жіктеуге болады. Мысалы, жалпы комбинаторлық алгоритмдер, тағы алгоритмдер, максимальды ағынды іздеу алгоритмдері, максимальды жұп сәйкестігін іздеу алгоритмдері, жолды іздеу алгоритмдері, Бұтақтармен жұмыс алгоритмдері, сұрыптау алгоритмдері, сығу алгоритмдері, үлестірілген жүйелер алгоритмдері, операциялық жүйелердегі алгоритмдер, тиімділеу алгоритмдері және т.б.

Есептеу моделіне байланысты сандық, логикалық, продукциялық, нейрожелілік, параллель, полиномдық, құмырсқа, генетикалық және т.б. бөлінеді.

Алгоритмдердің тиімділігі: Алгоритм қандай да бір машинада командалардың жинағы түрінде орындалады. Бір есепті орындауға арналған екі немесе бірнеше алгоритмдердің орындалу жылдамдығын салыстыру үшін қолданылатын критерий (өлшем) *жүйелік тиімділік* деп аталады. Бір компьютерде бірдей деректер жинағымен бұл алгоритмдерді



орындату арқылы олардың орындалуына кеткен салыстырмалы уақытты анықтауға болады. Ол үшін ішкі жүйелік сағат қолданылады.

*Ішкі жүйелік сағатты қолданып уақытты бағалау* бұл бір ғана есептің орындалуына арналған алгоритмдердің әрқайсысының жүйелік тиімділігінің өлшемі болады.

Кейбір алгоритмдердің орындалуында жадқа қойылған шектеулер проблема тудырады. Орындалу барысында ұзақ уақыт сақтау үшін бастапқы көлемді қысу қажет болады. *Қандай да бір алгоритм пайдаланатын ішкі жадтың салыстырмалы санының өлшемі – бұл кеңістіктің тиімділігі (space efficiency)*. Бұл критерий алгоритмді қандай типті компьютер орындай алатынын және алгоритмнің толық жүйелік тиімділігін көрсетеді. Жана компьютерлік жүйелердің жадтарының көлемінің ұлғаюна байланысты бұл критерий маңызды болмай қалды.

Үшінші тиімділік критерийі – бұл *есептеу тиімділігі (computational efficiency)*, ол алгоритмнің ішкі құрылымын қарастырады, оның жасалуын және алгоритмде қолданылатын итерациялар мен меншіктеу операторларын салыстыратын тесттердің санын да талдайды. Бұл өлшем типі нақты компьютерге тәуелсіз және бұл критерий алгоритмнің есептелу күрделілігін  $n$ -ге, яғни коллекциядағы деректер элементтеріне қатысты өлшейді.

Тізімдер мен бұтақтар сияқты коллекциялардың жалпы кластарының деректерін өңдеу үшін алгоритмнің тиімділігінің өлшемі ретінде *салыстыру* қолданылады.

Әдетте күрделі алгоритмнің ең жаман және ең жақсы жағдайлары үшін әртүрлі есептеу тиімділігі болады, сондықтан әр жағдай үшін есептеу тиімділігін өлшеу үшін, яғни алгоритмнің орындалу уақытының өлшемін анықтау үшін Big-0 нотациясын есептейміз [3].

*Big-0 нотациясы.* Алгоритмнің есептеу тиімділігі өңделетін деректердің санымен, яғни алгоритмдегі басты операциялардың санымен анықталады. Бұл операциялар деректің типіне, санына, реттелуіне тәуелді болады. Көп жағдайда сұрыптау алгоритмдерінде (тізімдер мен бұтақтарда) алгоритм тиімділігін өлшемі ретінде салыстыру қолданылады. Ол массив элементтерінің санына тәуелді.

Мысалы массивтегі минимал элементті табу – бұл қарапайым алгоритм, оның негізгі операциясы элементтерді салыстыру.  $n$  элементі бар массив үшін алгоритм  $n-1$  салыстыруды қажет етеді, оның тиімділігінің өлшемі  $n$ -ге пропорционал. Басқа алгоритмдер күрделі. Алмастырып салыстыру алгоритмінде жалпы салыстыру саны:

$f(n) = (n - 1) + (n - 2) + \dots + 3 + 2 + 1 = n(n - 1)/2$  арифметикалық қатармен анықталады.  $f(n)$  функциясы салыстырумен ассоциацияланады. Бұл алгоритмнің салыстыру саны  $n^2$  болады.

Big-0 нотациясын есептеу тиімділігінің өлшемін беру үшін қолданады. Алгоритмнің есептеу күрделілігінің (оны  $f(n)$  функциясы немесе салыстырулар саны дейді) реті  $O(g(n))$ -ге тең болады, мысалы алмастырып сұрыптаудың есептеу күрделілігі  $O(n^2)$  тең. Сзықты алгоритмнің күрделілігі тізімнің размеріне пропорционал болады, оның  $O(g(n))$  – реті  $O(n)$  тең.  $O(n^2)$  реті бар алгоритмдер квадраттық деп аталады. Алгоритмдер деректердің бастапқы сұрыпталуына тәуелді болады. Әдетте Big-0 мәні деректер құрылымының алгоритмі үшін көптеген полиномдық, логарифмдік және экспоненциальдық функциялардың арасынан таңдалады.

Классикалық деректер құрылымы үшін бұл функциялар алгоритмдердің есептелу күрделілігінің жоғарғы шекарасын береді.

Мына кестеде сұрыптау алгоритмдердегі салыстырулар саны  $n^2$  мен  $n \log_2 n$  салыстырылады. Алмастырып сұрыптауға қарағанда  $O(n \log_2 n)$  сұрыптау алгоритмі тиімдірек.

Кесте 1 – Сұрыптау алгоритмдердегі салыстырулар саны

N	$(1/2)N^2$	$S(N) = N^2/2 - N - 2$
10	50	45
100	5.000	4.950
1000	500.000	499.500
5000	12.500.000	12.497.500
10000	50.000.000	49.995.000
N	$N^2$	$N \log_2 N$
5	25	11,6
10	100	33,2
100	10000	664,3
1000	1000000	9965,7
10000	100000000	132877,1

*Алгоритмнің күрделілігі.* Big-0-бағалау алгоритмнің орындалу уақытының өлшемін *(runtime) береді*. Әдетте алгоритмнің жақсы және нашар жағдайлар үшін есептеу тиімділіктері әртүрлі, сондықтан әр нақты жағдай үшін Big-0 мәні есептеледі.

Егер алгоритм реті –  $O(1)$  болса, оның реті коллекциядағы элементтер санына тәуелсіз болады. Бұл алгоритм тұрақты уақыт бірлігі ішінде орындалады, мысалы егер массив соның көрсететін индекс сақталса, массив элементіне мән меншіктеу реті  $O(1)$  болады.

Алгоритм  $O(n)$  *сызықты (linear)*. Оның күрделілігі тізім размеріне пропорционал.

Реті  $\log_2 n$  болатын алгоритмдер *логарифмдік (logarithmic)* деп аталады. Мұндай күрделілік тізімдерді бірнеше рет ішкі тізімдерге  $1/2$ ,

1/4, 1/8 етіп бөлгенде туындайды. Мысалы бинарлық бұтақтарда іздеу алгоритмдерінің күрделілігі орташа және нашар жағдайлар үшін  $O(\log_2 n)$  болады.

Реті  $O(n^2)$  болатын алгоритмдер *квадраттық (quadratic)* деп аталады. Шағын  $n$  үшін ғана практикада қолданылады.  $n$  екіге артқан сайын алгоритмнің орындалу уақыты 4-ке артады. Реті  $O(n^3)$  болатын алгоритмдер өте баяу орындалады, *кубтық (cubic)* уақытты қажет етеді.  $n$  екіге артқан сайын алгоритмнің орындалу уақыты 8 есе артады. Оның мысалына графтарға қолданылатын реті  $O(n^3)$  болатын Уоршел алгоритмі жатады. Күрделілігі  $O(2^n)$  тең алгоритмде *экспоненциальды күрделілік (exponential complexity)* болады. Өте баяу орындалатындықтан өте аз  $n$  үшін қолданылады.

Төмендегі кестеде аталған алгоритмдердің ретінің бағалауы берілген, аз мәнді  $n$  үшін кубтық, экспоненциальдық алгоритмдерді қолдану тиімсіз.

Кесте 2 – Алгоритмдер ретін бағалау

N	$\text{LOG}_2 N$	$N \text{ LOG}_2 N$	$N^2$	$N^3$	$2^N$
2	1	2	4	8	4
4	2	8	16	64	16
8	3	24	64	512	256
16	4	64	256	4096	65536
32	5	160	1024	32768	4294967296
128	7	896	16384	2097152	$3.4 \times 10^{38}$
1024	10	10240	1048576	1073741824	$1.8 \times 10^{308}$
65536	16	1048576	4294967296	$2.8 \times 10^{14}$	ҚОЛДАНАМЫЗ! [5].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазіргі кезде «алгоритм» ұғымы тек математикалық есеп шешу әдісімен ғана шектелмейді. Оның мағынасы әлдеқайда кең. Әрбір компьютер алдын-ала берілген алгоритммен, яғни жоспарлы жұмыс істей білетінін ұғынып, болашақта көп тәжірибе алатыныма сенімдімін.

Сонымен Алгоритм – информатика мен есептеу техникасының іргелі ұғымдарының бірі. Техникалық құрылғыларды дұрыс пайдалана алу үшін есеп шешу жолы, яғни орындалатын іс-әрекеттердің тізбегі әрі түсінікті, әрі нақты болуы қажет.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дискретті математика және кибернетиканың математикалық мәселелері. Том 1. – М. : Ғылым, 1974. – 455 б.
- 2 **Аладьев, В. З.** Основы информатики / В. З. Аладьев, М. Л. Шишанов // М., 1999. – 345 с.
- 3 **Новиков, Ф. А.** Дискретті математика. – С. Петербург, М., Харьков, Минск, 2001. – 480 с.
- 4 **Лавров, Н. А.** Жиындар теориясында математикалық логикаға және алгоритмдер теориясына арналған есептер / Н. А. Лавров, Л. А. Максимова // М. : Ғылым, 1975. – 550 б.
- 5 ИФМ журналы. – 2014. – № 5. – 150 б.

Материал 06.01.16 баспаға түсті.

*Г. С. Джарасова, Б. Сырнай*

### Обзор терминов теории алгоритмов, часто используемых в интеллектуальных системах

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 06.01.16.

*G. Jarassova, B. Sirnay*

### Review of the terms of the theory of algorithms commonly used in intelligent systems

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 06.01.16.

*В данной статье рассматривается компьютерное моделирование, позволяющее улучшить организацию лабораторных занятий, улучшить методическое обеспечение, а также образовательный уровень студентов по дисциплине «Математика», его виды и основные этапы создания компьютерной модели.*

*This article describes computer simulation that allows to improve the organization of laboratory lessons, the methodological support, as well as the educational level of students on discipline «Mathematics», its types and the basic stages of creating a computer model.*

**Б. Ш. Разахова<sup>1</sup>, Т. Н. Скабаева<sup>2</sup>**<sup>1</sup>к.т.н., <sup>2</sup>магистрант

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

e-mail: <sup>1</sup>razakhova\_bsh@enu.kz, <sup>2</sup>t.skabayeva@mail.ru**ЭЛЕМЕНТАРЛЫҚ МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША  
БІЛІМ ҚОРЫН НОРМАЛДАУ***Жұмыста элементарлық математика есептерін шығаруға қатысты білім қорын нормалау мәселесі талқыланды.**Кілтті сөздер: элементарлық математика, білім қорын нормалау мәселелер.***КІРІСПЕ**

Математика ғылымы жаратылыстану-ғылыми, инженерлік-техникалық және гуманитарлық зерттеулерде негізгі рөл атқарады. Ол білім берудің барлық салаларында сапалы есептеулер мен зерттеулер жүргізудің құралы ғана емес, сонымен қатар ұғымдар мен мәселелерді дұрыс әрі нақты тұжырымдау, пайымдаудың, терең зерттеудің әдісі болып қалыптасты [1]. Элементарлық математика да соның негізінде жатыр.

Элементарлық математика курсының мақсаты студенттердің жоғары математиканы меңгеруіне қажетті мектеп математикасының негізгі ұғымдарын тереңдету, жаңа материалдармен толықтыру, есептер шығаруға, талдау жасауға машықтау, сөз байлығын кеңейту, математикалық терминдерді пайдаланып еркін сөйлеуге, өз пікірін дәлелдеуге үйрету және шығармашылық талабын дамыту мен жұмыс істеуге баулу, жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады [2].

Математикалық білім беруді бәсекеге қабілетті, жан-жақты, терең ойлы, зерделі болашақ кәсіби маманды даярлап шығуда іргелі пән ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге элементарлық математика әр түрлі қолданбалы есептерді шешудің бірден-бір көзі ретінде танылады. Сондықтан аталмыш курстың міндеті тек анықтама, теорема, олардың дәлелдеулері, арасындағы байланыс, есептерді шешу тәсілдері сияқты мәліметтерді беріп қана қоймай, оларды өмірмен байланыстыра отырып, нақтылы мәселені шешуге жұмсау, қолдану болып табылады. Сонымен қатар курстың міндетіне студенттерге логикалық ойлау мен математикалық мәдениетін дамыту, таным көкжиегін кеңейту жатады. Ол арқылы студент өздігінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын, математикалық талдау жасауды, компьютерде математикалық

модельдеу жолдарын құруды, белгілі бір есепке, мәселеге, құбылысқа математикалық моделін жасау арқылы бағдарламалау жолын тандайды.

Қазіргі таңда отандық және шетел электронды оқу құралдары математиканың әртүрлі саласындағы білімді формальдау негізінде әзірленіп, қолданысқа еніп келеді. Дегенмен, әрбір есебі мен қарастыратын сұрағы белгілі бір алгоритмдерге немесе математиканың белгілі бір саласына қатысты ұғымдар мен түсініктер, теоремалар немесе ой қорытулар арқылы шығаруға не шешуге келмейтін, элементарлық математика бойынша білімді формальдап, электронды оқытуға негіздеп өңдеу сұрағы ашық күйінде қалып отыр.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Отандық мектеп бітірушілердің білімін стандартты бағалау бағытындағы саясатында, мысалы ҰБТ (ЕНТ), ОЖСБ (ВОУД) үшін стандартты жағдайларға бағынбайтын математикалық есептерді шығаруға қатысты білім қорын формальдау әдістері мен модельдерін әзірлеп, олардың негізінде интеллектуалды оқыту жүйесін (ИОЖ) жасау өзекті мәселе болып табылады. ИОЖ сенімділігі мен қабылданатын шешімдер сапасын динамикалық білім қоры мен мультипроцессорлық есептеу ортасында өлшем ақпараттарын өңдеудің жоғары өндіріштік құралдары арқылы арттыруға болады.

Сонымен, элементарлық математика пәні бойынша білімді формальдау және өңдеу мәселесінің өзектілігі келесі ғылыми-әдістемелік сұрақтар арқылы негізделеді:

- 1) элементарлық математика есептерінің стандартты шығару жолдары жоқ;
- 2) стандартты емес әдістерді қолданып математикалық есептерді шығару барысында білім алушының логикалық-математикалық деңгейін бағалау әдістері жоқ;
- 3) стандартты емес есептер мен стандартты емес әдістерді өңдеуге арналған білімдер модельдерін құрудың ақпараттық технологиялары дамыған.

Элементарлық математика курсының мазмұнын формальдау үшін келесі ақпараттық өңдеу сұрақтарының шешімін табу керек:

- элементарлық математика пәні бойынша білімді жинақтау және жинақтаған білімді нормальдау;
- білімді формальдау моделін құру және алгоритмдерін анықтау.

Біз ұсынып отырған жұмысымызда осы екі сұрақтың алғашқысына технологиялық жауап беруге тырысамыз.

Білім қорын нормальдауға қатысты технологиялық мәліметтер. Деректерді модельдеудің үш амалы (иерархты, желілік, реляциялық)

пайдаланушыға байланыстарды көрсету мен өңдеуге мүмкіндік беретін әдістерімен айырылады. Иерархиялық модель – қорлар арасындағы байланысты реттелген графтар арқылы сипаттауға болады. Қандайда бір программалау тілінде иерархиялық деректер қоры құрылымын есептеу үшін тармақ мәліметтер типі пайдаланылады. Желілік модель – деректердің элементтерінің еркін графтар түріндегі өзара байланысын білдіреді. Желілік деректер қорының схемасын сипаттауға екі тип пайдаланылады: жазба және байланыс. Реляциялық модель - деректердің реляциялық моделін JBM фирмасының қызметкері Эдгар Код ұсынған және ол қатынас ұғымына негізделеді [3].

Реляциялық деректер қоры дегеніміз өзара байланысқа түскен екі өлшемді кесте. Әр кесте бір нәрсе, зат, құбылыс т.б. туралы деректі, ақпаратты қамтиды. Мұндай деректер қоры өзара байланысқан реляциялық кестелерден құралады. Деректер қорын жасаудан бұрын қалап алған пәндік сала бойынша сипаттамасы болуы қажет. Олар нақты объектілер мен процесстерді қамтуы керек, қолданушыға қажетті сұраныстарды қанағаттандыратын қажетті ақпаратқа ие болуы керек.

